

## Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 71 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 наурызда № 6866 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 27 қыркүйектегі № 423 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 27.09.2021 № 423 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 6-тармағына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жұмыс орындарының квоталары жұмыскерлердің тізімдік саны:

елуден жұз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жұз бірден екі жұз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жұз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арқалық қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*A. Балгарин*